

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық статистикасын үйлестіру жөніндегі республикалық жұмыс комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 31 қазан N 1413. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.29. N 1184 қаулысымен. ~P971184

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, макроэкономикалық көрсеткіштер мен жиынтық баланстарды қалыптастыру жөніндегі өзге де орталық атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық статистикасын үйлестіру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін республикалық жұмыс комиссиясы (бұдан былай - Жұмыс комиссиясы) құрылсын.

2. Жұмыс комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Жұмыс комиссиясына мынадай жауапкершілік жүктелсін:

Қазақстан үшін бірыңғай ресми статистикалық мәліметтердің қалыптастырылуын қамтамасыз ету;

төлем балансы статистикасының, халықаралық сауда ұлттық табыс, ақша мен банк статистикасының және мемлекеттік қаржы статистикасының қалыптасуы халықаралық әдіснамаға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

статистикалық әртүрлі жүйелері мәліметтерінің өзара үндесуін (үйлесуін) қамтамасыз ету;

жиынтық статистикалық мәліметтерді қалыптастырумен айналысушы түрлі ведомстволар арасында келіспеушілік болған жағдайда даулы мәселелерді жедел шешу.

4. Жұмыс комиссиясына тұрақты төрағалық ету міндеті Қазақстан

Республикасының Үкіметі жанындағы Экономикалық реформалар орталығының жетекшісі Ж.Д. Ертілесоваға жүктелсін.

Жұмыс комиссиясының төрағасына:

статистиканы қалыптастырудың нақты мәселелерін шешу үшін уақытша қосалқы комиссиялар құру өкілеттігі;

жұмыс комиссиясының күн тәртібін және оның шақырылымын айқындау құқы берілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 31 қазандағы

N 1413 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық
статистикасын үйлестіру жөніндегі жұмыс
комиссиясының құрамы

Ертілесова Ж.Д. - Қазақстан Республикасының
Үкіметінің жанындағы
Экономикалық реформалар
орталығының жетекшісі, комиссия
төрағасы

Шоқаманов Ю.К. - Қазақстан Республикасының
статистикалық және талдау жөніндегі
мемлекеттік комитеті төрағасының
орынбасары, комиссия төрағасының
орынбасары

Шайқақова Г.Ж. - Қазақстан Республикасының Үкіметі
жанындағы Экономикалық реформалар
орталығының сектор меңгерушісі,
комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Айманбетова Г.З. - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі экономикалық статистика
басқармасының бастығы (келісімі
бойынша)

Айманов А.К. - Қазақстан Республикасының ТМД
елдерімен ынтымақтастық жөніндегі
мемлекеттік комитеті төрағасының
бірінші орынбасары

Аманжолов С.А. - Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі талдау және статистика
департаментінің директоры
(келісімі бойынша)

Гамарник Г.Н. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты Экономикалық саясат
бөлімінің меңгерушісі

Дауранов Ш.А. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігі экономикалық стратегия
және даму болжау бас басқармасының
бастығы

Дюгай Н.Н. - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі төлем балансы мен борыш
капиталының қозғалысы басқармасының
бастығы (келісімі бойынша)

Зейнелғабдин А.Б. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі бас бюджет
басқармасының бастығы

Қайырова Д.К. - Қазақстан Республикасының
Статистика және талдау жөніндегі
мемлекеттік комитеті ұлттық
есепшілік жүйесі басқармасының
бастығы

Котенко Н.Л. - Қазақстан Республикасының Үкіметі
Аппаратының Қаржы, еңбек және
ақша айналысы бөлімі меңгерушісінің
орынбасары

Қуатов Р.Қ. - Қазақстан Республикасының Кеден
комитеті төрағасының орынбасары

Майданова Т.Ғ. - Қазақстан Республикасының
Статистика және талдау жөніндегі
мемлекеттік комитеті төлем балансы
басқармасының бастығы

Рақышев С.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
Аппараты Экономикалық саясат
бөлімінің сектор меңгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК